

**Решение Единственного учредителя
акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана»**

г. Алматы

№1

от 28 апреля 2018г.

**Об учреждении акционерного общества
«Ипотечная организация «Баспана»**

В соответствии со статьями 6, 7 и 9 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», статьей 6 Закона Республики Казахстан от 30 марта 1995 года «О Национальном Банке Республики Казахстан», на основании постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 апреля 2018 года №85 «О создании акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» (далее – постановление Правления), Единственный учредитель, в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Смолякова О.А., действующего на основании постановления Правления, **РЕШИЛ:**

1. Учредить акционерное общество «Ипотечная организация «Баспана» (далее – Общество).

Полное и сокращенное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы – «БИҰ» АҚ;

2) на русском языке: Акционерное общество «Ипотечная организация «Баспана» – АО «ИОБ»;

3) на английском языке: Joint - stock company «Baspana» Mortgage organization» – JSC «ВМО».

2. Единственным учредителем и акционером Общества является республиканское государственное учреждение «Национальный Банк Республики Казахстан» (далее – Национальный Банк):

1) место нахождения: А15С9Т5, г. Алматы, микрорайон «Коктем-3», 21;

2) данные о государственной регистрации:

первичная регистрация - №1392-1900-У-е от 21 декабря 1994 года;

перерегистрация - №1392-1900-У-е от 22 февраля 2013 года.

3. Произвести предварительную оплату акций Общества в размере 204 138 930 000 (двухсот четырех миллиардов ста тридцати восьми миллионов девятисот тридцати тысяч) тенге деньгами до 01 июля 2018 года.


4. Установить что:

1) количество объявленных акций Общества составляет 20 413 893 (двадцать миллионов четыреста тринадцать тысяч восемьсот девяносто три) простые акции, все акции будут приобретены Единственным учредителем после государственной регистрации объявленных к выпуску акций Общества;

2) номинальная стоимость одной акции – 10 000 (десять тысяч) тенге.

5. Утвердить прилагаемые:
- 1) Устав Общества;
 - 2) Методику определения стоимости акций при их выкупе Обществом;
 - 3) Порядок распределения чистого дохода Общества.
6. Осуществить государственную регистрацию объявленных к выпуску акций Общества.
7. Поручить Талгатбекову Азамату Ойратулы:
- 1) подписывать от имени Общества документы для государственной регистрации Общества в органах юстиции;
 - 2) осуществлять финансово-хозяйственную деятельность Общества;
 - 3) представлять интересы Общества перед третьими лицами до образования органов Общества.
8. Расходы, связанные с государственной регистрацией Общества, отнести на счет Национального Банка.
9. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Единственный учредитель акционерного общества
«Ипотечная организация «Баспана»,
в лице заместителя Председателя
Национального Банка
Республики Казахстан**



О. Смоляков

«Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы
Жалғыз құрылтайшысының шешімі

Алматы қ.

№1

2018 жылғы 28 сәуір

«Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын
құру туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 6, 7 және 9-баптарына, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, «Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №85 қаулысының (бұдан әрі – Басқарма қаулысы) негізінде, Басқарма қаулысының негізінде іс-әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляков арқылы Жалғыз құрылтайшы **ШЕШТІ**:

1. «Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылсын.

Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Баспана» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы – «БИҰ» АҚ;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Ипотечная организация «Баспана» – АО «ИОБ»;

3) ағылшын тілінде: Joint - stock company «Baspana» Mortgage organization» – JSC «ВМО».

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қоғамның жалғыз құрылтайшысы және акционері болып табылады:

1) орналасқан жері: А15С9Т5, Алматы қ., «Көктем-3» шағын ауданы, 21;

2) мемлекеттік тіркеу туралы деректер:

бастапқы тіркеу – 1994 жылғы 21 желтоқсандағы №1392-1900-У-е;

қайта тіркеу – 2013 жылғы 23 ақпандағы №1392-1900-У-е.

3. Қоғам акцияларының 204 138 930 000 (екі жүз төрт миллиард бір жүз отыз сегіз миллион тоғыз жүз отыз мың) теңге мөлшеріндегі алдын ала ақысы 2018 жылғы 01 шілде дейін ақшамен төленсін.

4. Мыналар белгіленсін:

1) Қоғамның жария етілген акцияларының саны 20 413 893 (жиырма миллион төрт жүз он үш мың сегіз жүз тоқсан үш) жай акцияны құрайды, барлық акцияларды Жалғыз құрылтайшы Қоғамның шығаруға жарияланған акциялары мемлекеттік тіркелгеннен кейін сатып алады;

2) бір акцияның номиналдық құны – 10 000 (он мың) теңге.

5. Қоса берілген:
- 1) Қоғамның Жарғысы;
 - 2) Акцияларды Қоғам сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі;
 - 3) Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі бекітілсін.
6. Қоғамның шығаруға жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылсын.
7. Азамат Ойратұлы Талғатбековқа:
- 1) Қоғамды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу үшін Қоғам атынан құжаттарға қол қою;
 - 2) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
 - 3) Қоғамның органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында Қоғамның мүдделерін білдіру тапсырылсын.
8. Қоғамды мемлекеттік тіркеумен байланысты шығыстар Ұлттық Банктің есебіне жатқызылсын.
9. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары арқылы
«Баспана» Ипотекалық ұйымы»
акционерлік қоғамының
Жалғыз құрылтайшысы



О. Смоляков